

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ  
Қ.ЖҰБАНОВ атындағы АҚТӨБЕ Өңірлік университеті

## ДИПЛОМДЫҚ ЖОБА

**Тақырыбы:** Қоршаған ортамен таныстыру арқылы  
мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық  
мәдениетін қалыптастыру

**Орындаған:** Н.Әлібекқызы, А.М.Жәнібекова  
Н.Жоламанқызы, Қ.С.Тыныш  
Н.Б.Манарбекова, А.С.Сабитова

**Ғылыми жетекші:** п.ғ.д., профессор Туребаева К.Ж.



# МАЗМҰНЫ

**КІРІСПЕ**.....3

**1 Қоршаған ортамен таныстыру арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастырудың теориялық мәселелері**.....6

1.1.Қоршаған орта арқылы тәрбие берудің ғылыми педагогикалық негіздері.....6

1.2 Экологиялық мәдениетті мектеп жасына дейінгі балалардың бойында қалыптастырудың теориялық негізі.....19

1.3. Балаларды қоршаған ортамен таныстырудың біртұтас жүйесі.....26

**II. Мектеп жасына дейінгі балаларды қоршаған ортамен таныстыру арқылы экологиялық мәдениетін қалыптастыру жұмыстары бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар**.....38

2.1 Қоршаған ортамен танысу нәтижесінде жүзеге асатын экологиялық мәденетінің қалыптасу барысын зерттеу.....38

2.2 Балалар бақшасында балаларды табиғатпен таныстыруда ойындар мен тапсырмаларды қолдану.....51

2.3 Алынған нәтижелерді талдау.....75

**ҚОРЫТЫНДЫ**.....76

**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**.....83

## Өзектілігі:

Экологиялық мәдениет дегеніміз – бұл шынайы экологиялық білім, табиғатқа саналы көзқарас, онымен өзара түсіністікке негізделген қарым-қатынас жасау және табиғатты пайдалануға нақты кірісу. Экологиялық мәдениеттің қалыптасуы адамның сезімін тәрбиелеу, экологиялық сананы қалыптастыру нәтижесінде туындайды.

Қазіргі балабақшадағы тәрбиенің маңызды тұстарының бірі – балаларды қоршаған ортамен үнемі байланыста болуға үйрету, олардың бойында табиғат туралы түсінік қалыптастыру, табиғатқа жанашырлық сезімін тәрбиелеу. Балаларды қоршаған ортамен таныстыру – танымын, түйсігін дамытудың басты мүмкіндіктердің бірі боп саналады.




Біздің зерттеуіміздің маңыздылығы – бала өмірінің алғашқы жылдарынан бастап оның тәрбиесіне көңіл бөлуде, оның қоршаған ортаға бейімделуіне жағдай жасауда. Сондықтан біз зерттеу тақырыбымызды «Мектеп жасына дейінгі балалардың қоршаған ортамен таныстыру арқылы экологиялық мәдениетін қалыптастыру» деп таңдадық.

**Зерттеу мақсаты:**

**Зерттеу нысаны:**

**Зерттеу пәні:**



Мектеп жасына дейінгі балалардың қоршаған ортамен таныстыру арқылы экологиялық мәдениетін қалыптастыру мәселелерін теориялық-әдістемелік негізден және тәжірибелік сынақтан өткізу.

Мектепке дейінгі тәрбие процессі.

Қоршаған ортамен таныстыру арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру.

# Зерттеу міндеттері:

Мектеп жасына дейінгі балалардың қоршаған ортамен таныстыру арқылы экологиялық мәдениетін қалыптастыруды теориялық-әдістемелік негіздерін айқындау;



Мектеп жасына дейінгі балаларды қоршаған ортамен таныстыру арқылы экологиялық мәдениетін қалыптастырудың тәжірибелік-әдістемсін өткізу жолы.



Қоршаған ортамен таныстыру арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастырудың өлшемдері мен көрсеткіштерін айқындау;



- **Зерттеу болжамы:** егер мектеп жасына дейінгі балаларды қоршаған ортамен таныстыру жүйелі түрде жүзеге асырылса, онда олардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру оң нәтижелерге қол жеткізеді.



- **Зерттеу әдістері.** Мектеп жасына дейінгі балалардың қоршаған ортаға деген қамқорлығын жақсарту бойынша психологиялық-педагогикалық, ғылыми-әдістемелік материалдар мен әдебиеттер бойынша ғылыми деректерді кешенді жүйемен салыстыра талдау, зерттеу объектісі мен пәніне қатысты негізгі ұғымдарды талдау, эксперименттік-диагностикалық әдістер.

## Қоршаған орта арқылы тәрбие берудің ғылыми педагогикалық негіздері



Адам мен табиғаттың қарым-қатынасын анықтайтын мектеп жасына дейінгі балаларды экологиялық тәрбиелеуге байланысты мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің алдында мынадай негізгі міндеттер тұр:

- мұғалімдердің экологиялық білім беру бойынша білім деңгейін арттыру;
- балаларды қоршаған ортамен, олардың ата-аналарымен таныстыру бағдарламасын насихаттау;
- әр түрлі жастағы балалар топтарындағы тәрбие жұмысы;



# Қоршаған орта туралы айтылған ғалымдар пікірлері:

3) Тұмса табиғатты тәрбие берудің шынайы мықты құралы деп білген әйгілі педагогтар (К.Ушинский, Н. Крупская, Е.Водовозова, Е.Тихеева, Л.Шлегердин) еңбектерінде осы мәселелер төңірегінде құнды пікірлер айтылады



1) Я.А.Коменский «Тәрбиенің шынайылығы» деген зерттеуінде табиғаттың күрделі тәрбие мен оқу үрдісінде алатын орны ерекше екенін, тәрбие жұмысы қоршаған ортамен салыстыра түсіндіріп, жүргізілсе нәтижелі болатынын ескертеді.

4) Психологиялық жас ерекшеліктерін ескере отырып, қоршаған ортамен қарым-қатынас мәселесін терең зерделеген психологтар Л. Выготский, С.Рубинштейн, И.Кон, Е. Кудрявцева, В.Ясвин, Л.Божович, М.Мұқанов, Т.Тәжібаев және т.б. С.Николева әрбір адамның қоршаған ортамен қарым-қатынасының негізгі бөліктерінің бірі қарым-қатынас деп есептейді

2) Атақты педагог В.А. Сухомлинский: «Адам әрқашан табиғаттың перзенті болған және бола бермек, оны табиғатқа жақындататынның барлығын оны табиғатқа, рухани мәдениеттің байлығына тарту үшін пайдалану керек. Баланың қоршаған әлемі – ең алдымен шексіз құбылыстарға бай, өлшеусіз сұлулыққа ие табиғат әлемі. Сонымен бірге табиғатта балалар санасының мәңгілік бастауы бар», – деп жазды.




## Экологиялық мәдениетті мектеп жасына дейінгі балалардың бойында қалыптастырудың теориялық негізі



Экологиялық санасы қалыптсақан бала қоршаған ортаның әлеуметтік маңызын терең түсіне алады және айналасындағы ортаға да ыпал ете алатындай тәрбие өзегі мықты орнығады. Экологиялық мәдениеті нық қалыптсақан тұлғаның бойында табиғатты қорғау жолында саналы іс-әрекеттерді жүзеге асыра алатындай білім, білік, дағды терең орын алады. Адам бойында экологиялық мәдениетті, қоршаған ортаны қорғау мәдениетін бала кезінен қалыптастырудың тиімділігі – «адам-қоғам-табиғат» қарым-қатынасындағы үйлесімділікті орнату, тепе-теңдікті үйлестіру, табиғи ресурстарды сақтауға, молықтыруға, ұтымды пайдалануға деген жауапкершілігін көтеру болып табылады.

# И.Дверев экологиялық мәдениетті қалыптастырудағы келесі міндеттерді анықтайды

1. Оның негізінде адамның табиғатқа оңтайлы әсері айқындалатын озық идеяларды, концепцияларды және ғылыми деректерді әзірлеу;
2. Табиғат құндылығын қоғамның материалдық және рухани күшінің қайнар көзі ретінде түсіну;
3. Әлеуметтік жұмыстың барлық түрлерінің сипаты, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану, қоршаған ортаның жағдайын бағалау, оны жақсарту бойынша дұрыс шешім қабылдау, өз іс-әрекетінің ықтимал зардаптарын қамтамасыз ету және оның алдын алу бойынша практикалық басқару мен дағдыларды дамыту. теріс әсерлері;
4. Табиғи ортаның бүлінуіне, ластануына немесе нашарлауына жол бермейтін мінез-құлық нормаларын саналы түрде сақтау;



# Экологиялық мәдениеттің мақсаты:



## Балаларды қоршаған ортамен таныстырудың біртұтас жүйесі

*3 жастағы балаларды өсімдіктермен, жануарлармен, жансыз құбылыстармен таныстырады, алғашқы көрнекі байланыстар мен жалпылауларға (балықтар суда жүзеді) сүйене отырып, кеңістікті ажырата білуге және өсімдіктердің жеке белгілерін, жануарлардың қимылдары мен дауыстарын дұрыс атауға үйретеді.*

*4-5 жас аралығындағы балаларда бейнелі ойлаудың жоғары формасы дамиды. Олар жалпы білім ала алады. Балаларды өсімдіктер мен жануарлардың табиғи ерекшеліктерін ажырата білуге, олардың тіршілік жағдайына тәуелділігін анықтауға үйретеді.*

*3-4 жаста балаларда өмірде үнемі кездесетін заттар мен табиғат құбылыстары туралы түсінік қалыптасады. Балаларды өсімдіктер мен жануарларды бақылауға, олардың жеке ерекшеліктерін анықтауға, сенсорлық эталондар бойынша анықтауға (түсі, пішіні, өлшемі), заттарды салыстыруға және сыртқы белгілеріне қарай топтастыруға үйретеді..*

*Мектеп жасының соңына қарай (5-6 жас) балаларда логикалық ойлаудың қарапайым формалары: талдау және синтездеу, өсімдіктер мен жануарлардың жеке және жалпы белгілерін ажырату, мысалы, қоректену, қозғалу, тіршілік ететін жерлері т.б белгілеріне қарай жануарларды ажырата алу қабілеті дамуы керек.*

Мектеп жасына дейінгі балаларда экологиялық мәдениет туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру:

1. Мектепке дейінгі мекемелерде балаларға экологиялық тәрбие беру үшін алғышарттар жасау;
2. Балалардың экологиялық сауықтыруын дамыту үшін жасыл аймақтарды құру және ұйымдастыру;
3. Тұрғын үй-жайларды ұстау үшін қолайлы ортаны іс жүзінде құру бойынша іс-шараларды ұйымдастыру;
4. Көркемдік құралдарды, оқу құралдары мен материалдарды, ойындарды, ойыншықтарды, әртүрлі ертегі кейіпкерлерін жүйелі пайдалану;
5. Педагогтардың білім деңгейі мен кәсіби дамуы.



Балабақшада экологиялық тәрбие берудің жолдары: ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті, экскурсия, экологиялық тәрбие қызметі, мерекелік іс-шаралар, бос уақытында әртүрлі экология бойынша кітаптар оқу, сурет салу, көрмелер, бұрыштар. Балабақшадағы көгалдандыру, бала еңбегі, бақылау, тәжірибе жасау, экологиялық ойындар. Экологиялық білім беруді білім берудің басқа салаларымен байланыстыру да маңызды. Табиғатты пайдалануда балаларға экологиялық тәрбие беру еңбек тәрбиесімен байланысты жүзеге асырылады. Мысалы, өсімдіктерді күнделікті суару, жапырақтарды сүрту, құстарды тамақтандыру, торларды тазалау балаларды еңбекке дағдыландыруға көмектеседі

## II. Мектеп жасына дейінгі балаларды қоршаған ортамен таныстыру арқылы экологиялық мәдениетін қалыптастыру жұмыстары бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмыс

### 2.1 Қоршаған ортамен танысу нәтижесінде жүзеге асатын экологиялық мәдениетінің қалыптасу барысын зерттеу

Зерттеу барысын біз бірнеше кезеңге бөліп жүргіздік және төмендегідей іс-әрекеттер ұйымдастырылды:




Анықтау экспериментінің нәтижесінде келесі нәтижелер алынды, олар 1-кестеде көрсетілген.

Топтар	деңгейлер		
	жоғары	орташа	төмен
Эксперименттік	31%	40%	29%
Бақылау	23%	44%	35%

Нәтижелерді талдау екі топта да дамып келе жатқан пәндік-кеңістіктік ортаның орташа деңгейде екенін көрсетті.

Зерттеу нәтижесінде диаграммада көрсетілген келесі нәтижелерге қол жеткіздік. (Сурет 1)




0

1-сурет – зерттеуге алынған объектілік-кеңістіктік ортаның нәтижелерін салыстырмалы талдау

Кесте 2. Таныстыру әрекетіндегі балаларды тексеру нәтижелері (% қатынасында)

Анықтау эксперименті барысында алынған нәтижелердің сандық және сапалық талдауы эксперименттік топта балалардың 25% жоғары деңгейге, ал бақылау тобында 18% көрсетті.

Топтар	Деңгейлер		
	Жоғары	Орташа	Төмен
Эксперименттік	25%	41%	34%
Бақылау	18%	34%	48%



Зерттеу нәтижесінде диаграммада көрсетілген келесі нәтижелерге қол жеткіздік. (Сурет 2)

Осылайша, эксперименттік зерттеуге алынған екі топтың балаларында экологиялық мәдениеттің даму барысы төмен екені байқалды. Зерттеуге қатысқан балаларда экологиялық мәдениеттің жоғарғы деңгейі 18-25% ғана екеніне көз жеткізілді.

2 сурет – Қоршаған ортамен таныстыру барысында балаларды тексеру нәтижелерін салыстырмалы талдау



## Деректер 3-кестеде берілген.

Қоршаған ортаны қорғау туралы қарапайым түсініктер	Жоғарғы деңгей		Орташа деңгей		Төмен деңгей	
	Бақылау тобы	Эксперимент тобы	Бақылау тобы	Эксперимент тобы	Бақылау тобы	Эксперимент тобы
Жалпы табиғат туралы түсінік	35%	25%	60%	60%	30%	40%
Жыл мезгілдері, олардың құбылыстары туралы түсінік	20%	30%	45%	45%	53%	40%
Өсімдіктер мен жануарлар әлемі туралы түсінік	20%	20%	30%	30%	60%	60%
Құстар мен жәндіктер туралы түсінік	18%	12%	33%	61%	52%	35%
Балықтар, гүлдер, оларды күту, баптау туралы түсінік	15%	25%	35%	50%	60%	30%

Диаграмма мен кестеде көрсетілген деректерден байқағанымыздай, қоршаған ортамен таныстыру іс-әрекеті арқылы ересек мектеп жасына дейінгі балаларда экологиялық мәдениетті қалыптастыру бойынша жұмыстар басталғанға дейін балалардың жалпы тобында дамудың орташа және төмен деңгейлері басым болды.


# Ортаңғы топ балаларын табиғатпен таныстыру міндеттері:

1. Дүниедегі заттарға танымдық қызығушылықтарын арттыру.


2. Өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, табиғаттың маусымдық өзгерістері туралы түсініктерін кеңейту

3. Айналадағы дүниені түсіну мен қабылдауға оң көзқарасты тәрбиелеу.

Балаларға өсімдіктер, жануарлар, адамдар (олардың жаны бар, оларға тамақ, су, ауа, күтім керек) және өлі заттар (су, ауа, жер де қамқорлыққа зәру) туралы айтылады.



# Ересектер тобындағы балаларды табиғатпен таныстыруға арналған тапсырмалар:



Балалардың өсімдіктер, жануарлар, адамдар (олардың жаны, қорегі, суы, ауасы және қамқорлығы бар) және жансыз заттар (су, ауа, жерге де қамқорлық қажет) туралы түсініктерін кеңейту.

заттар мен табиғат құбылыстарын (жануарлар мен өсімдіктер, жапырақтың түсуі, қар жаууы, жауын-шашын, жел) бақылай білу және осы заттар мен құбылыстардың байланысын көре білу).

# Ересек топтағы маусымдық өзгерістермен табиғатпен таныстыру:



- Табиғаттағы, ауа-райындағы, өсімдіктер мен жануарлар дүниесіндегі, , адам киімдеріндегі қарапайым маусымдық өзгерістерді байқауға ынталандыру.



- Табиғат құбылыстарын бақылауға, себеп-салдар туралы сұрақ қоюға, табиғатқа қызығушылыққа тәрбиелеу.



- Табиғатта және табиғи күнтізбе бойынша ауа райы жағдайларын (жаңбыр, қар, тұман, бұшақ, аяз) бақылау нәтижелерін болжай білу.  
- табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын арттыру.



# Мектепалды даярлық тобы балаларға «Өлі және тірі табиғат» туралы түсінік береді:

01

- Өлі табиғаттағы заттарды қолдан жасалған заттардан ажырата білуге үйрету.



02

-Тұман, найзағай, бұршақ, шық, аяз, тамшы, кемпірқосақ, т.б. табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту.



03

- Судың үш күйде болатындығымен таныстыру: қатты, сұйық және газ тәріздес.



04

-Көмір, құм, саз, мұнай, гранит сияқты табиғи материалдармен, олардың қасиеттерімен және қажеттілігімен таныстыру.



## **Балаларды қоршаған ортамен таныстыруда қолданылатын ойындар мен тапсырмалар**



Мектепке дейінгі мекеме баланың қоршаған орта туралы білім беру жүйесінің алғашқы баспалдағы болып табылады. Бұл кезеңде балаларға арналған қоршаған орта туралы кітаптар, мультфильмдер және фильмдер арқылы қоршаған орта негіздерін меңгереді. Баланы қоршаған ортаны бағалай білуге, оған қамқорлық жасауға дағдыландыру, үйрету маңызды. Балаларды табиғаттың маусымдық өзгерістері, түстердің ашықтығы, әртүрлі дыбыстар мен иістер қызықтырады. Олар өздері үшін жаңа әлем ашады: олар қолмен ұстауға, иіскеуге және мүмкін болса, барлығының дәмін татуға тырысады.

Мектеп жасына дейінгі балаларды қоршаған ортамен таныстыру үшін дидактикалық ойындар өте тиімді. Мысалы, балаларды үй жануарларымен таныстырғанда төрт түлік, жабайы аңдар, құстар т.б. туралы дидактикалық ойындарды пайдалана аламыз:



### 1. «Қандай дауыс?»

*Мақсаты:* баланың есту қабілетін, зейінін, ойлау жылдамдығын дамыту



Ойын алаңында «Аю мен түлкі», «Қасқыр мен қоян» т.б сияқты қимыл ойындары да ұйымдастырылады. Мұндай ойындар кезінде балалар жануарлардың мінез-құлқын, жүріс-тұрысын, дауысын салады.




### 2. «Суреттерді ретімен жина» ойыны.

*Мақсаты:* балалардың есте сақтау қабілетін дамыту.



### 3. «Көкөністер» ойыны.

*Мақсаты:* Баланың сөздік қорын байыту, зейінін дамыту, үйлесімділікке тәрбиелеу.



### 4. «Суретті есте сақта» ойыны.

*Мақсаты:* көру жады мен зейінін дамыту

Дидактикалық ойындар мектеп жасына дейінгі балалардың (есту, көру, ойлау, сөйлеу), сонымен қатар шығармашылық қабілеттерін дамытуда таптырмас ойын түрі болып табылады. Дидактикалық ойындарды ойлап табу және оларды ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде тиімді пайдалану тәрбиешінің шеберлігіне байланысты. . Дидактикалық ойындар балаларды қоршаған ортадағы өзгерістерге, табиғат құбылыстарына, олардың қалай болатынына қызықты, есте қаларлықтай ұйымдастырылады.





## Алынған нәтижелерді талдау


### 1. Экологиялық мәдениет деңгейін диагностикалау әдісі

5-кесте. балалардың экологиялық мәдениетін диагностикалау

Эксперимент кезеңдері	деңгейлер					
	жоғары		орта		төмен	
	Эксперименттік топ	Бақылау тобы	Эксперименттік топ	Бақылау тобы	Эксперименттік топ	Бақылау тобы
<b>Анықтаушы</b>	30%	30%	50%	40%	50%	<b>60%</b>
<b>Бақылау</b>	<b>60%</b>	<b>30%</b>	<b>40%</b>	<b>40%</b>	<b>30%</b>	<b>60%</b>

Нақты мақсатты жүргізіліп жатқан жұмыстардың тиімділігін зерттеу үшін біз эксперименттік және бақылау топтарында бұрынғы әдістерді қолдана отырып, зерттеудің бақылау кезеңін жүзеге асырдық.

Эксперименттік топта қоршаған ортамен таныстыру іс-әрекеті арқылы экологиялық мәдениетті қалыптастыру жұмыстарының соңындағы нәтижелерде айтарлықтай өзгерістер болды. Осы соңғы нәтижелерді диагностиканың анықтау кезеңінің нәтижелерімен салыстыра отырып, қоршаған ортамен таныстыру іс-әрекеті арқылы мектепке дейінгі жастағы балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруды зерттеу сәтті жүзеге асқанын танытады.



**Мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық мәдениетінің даму деңгейін анықтау үшін жасалған диагностика**

<b>Қоршаған ортаны қорғау туралы қарапайым түсініктер</b>	<b>Жоғарғы деңгей</b>		<b>Орташа деңгей</b>		<b>Төмен деңгей</b>	
	<b>Анықтау кезең</b>	<b>Бақылау кезеңі</b>	<b>Анықтау кезең</b>	<b>Бақылау кезеңі</b>	<b>Анықтау кезең</b>	<b>Бақылау кезеңі</b>
<b>Жалпы табиғат туралы түсінік</b>	30%	60%	60%	50%	40%	<b>20%</b>
<b>Жыл мезгілдері, олардың құбылыстары туралы түсінік</b>	30%	70%	50%	40%	50%	<b>20%</b>
<b>Өсімдіктер мен жануарлар әлемі туралы түсінік</b>	20%	40%	40%	50%	70%	<b>40%</b>
<b>Құстар мен жәндіктер туралы түсінік</b>	20%	40%	70%	60%	40%	<b>30%</b>
<b>Балықтар, гүлдер, оларды күту, баптау туралы түсінік</b>	<b>30%</b>	<b>70%</b>	<b>60%</b>	<b>40%</b>	<b>40%</b>	<b>20%</b>





## Жүргізілген тәжірибелер нәтижесінде біз төмендегідей шешім қабылдадық және келесі нәтижелерге қол жеткіздік:

Анықтау экспериментінің нәтижелері балалардың қоршаған орта туралы түсініктерінің даму деңгейінің төмен екендігін көрсетті. Бұл дәстүрлі іс-әрекеттермен қатар, қосымша жүргізілетін ойындар, саяхаттар, жобалар көмегімен балаларды дамыту қажет екенін көрсетеді.

Эксперименттің қалыптастырушы кезеңінің нәтижелері дамыту, қалыптастыру іс-әрекетіндегі экологиялық мәдениетін дамытуда келесі педагогикалық шарттарды жүзеге асырумен жалғасатынын көрсетті

Балалардың экологиялық мәдениетінің көрсеткіштері ретінде біз сабақтар топтамасын әзірледік.

Оқытудың ең тиімді әдістері, біздің ойымызша, сабақты кешенді ұйымдастыру әдісі, түсіндіру және көрсету, ойын әдістері, саяхаттау, серуендеу т.б.



# Қорытынды

Күнделікті балабақшада балаларды қоршаған ортаны қабылдауға, табиғатты сезінуге және түсінуге, оны бағалауға, табиғатқа деген қатығездікпен күресуге үйретеміз. Қоршаған орта туралы түсінігін арттыру үшін тәрбиелеу процесінде түрлі әдістер, яғни қоршаған ортамен танысу сабақтары, экскурсиялар, зерттеушілік әңгімелер, эксперименттер, табиғатты қорғау жарыстары, ойындар, қоршаған орта туралы ертегілер т.б. қолданылады. Сондықтан балаларды қоршаған ортаны құрметтеуге, сүйуге тәрбиелеуіміз керек. Ол үшін қолдан келгеннің бәрін жасауымыз керек: жануарларға жақсы қарым-қатынасты мысалмен көрсетіп, балалардың өмірін, көңілін үнемі жарқын сәттермен байытуға мән берілуі керек. мектеп жасына дейінгі балалардың қоршаған ортамен таныстыру арқылы экологиялық мәдениетін қалыптастыру өте маңызды жұмыс екеніне көз жеткіздік. Қоршаған ортаны қорғау және сақтау туралы көзқарастар мен білімдерді меңгеруде мектепке дейінгі балалардың тәрбиесіне назар аудару өте қажет, кезек күттірмейтін мәселе.



## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. ҚР Білім беру туралы Заңы. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы.
2. Дежникова Н.С. Воспитание экологической культуры у детей и подростков: Учебное ... М.: Педагогическое общество России, 2016.
3. Әлқожаева, Н.С. Педагогика: Оқу құралы. -2-басылым өңделіп, толықтырылған. –Алматы: Қазақ университеті, 2020.- 220 б.
4. Мәнкеш А.Е. Экология негіздері. –Алматы: «Алматы кітап», 2017, -120б.
5. Акимова Т.А., Хаскин В.В. Экология. – М., ЮНИТИ, 2017.
6. Тасжарғанова Г. Экологиялық білім мен тәрбие берудің теориялық- педагогикалық негіздері. <http://oldconf.neasmo.org.ua/node/>
7. Хасанов М.Ш., Петрова В.Ф., Б.А. Джаамбаева *Ғылым тарихы мен философиясы*. –Алматы: Қазақ университеті, 2018.
8. Қазақстан Республикасының экологиялық кодексі. 2021 жыл 2 қаңтар. № 400-VI ҚРЗ Кодексімен өзгерістер енгізілді.
9. Бейсенова Ә., Шілдебаев Ж., Сауытбаев Г. Экология. – Алматы: «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2016. -555б.
10. Қуатбаев, А.Т. Экология және қоршаған орта проблемалары: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2020.- 350 б.



Назарларыңызға рақмет!